



БҰЙРЫҚ

03.10.2023

Жезқазған қаласы

ПРИКАЗ

№ 301

город Жезказган

«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» жұмысын ұйымдастыру, қызметін жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің төрағалығымен өткен 04.09.2023 жылғы №28 кеңестің хаттамасы негізінде және балаларды тәрбиелеу мен дамытуда білім беру ұйымдары мен отбасы арасындағы өзара іс-қимылды нығайту, ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдау мақсатында, Ұлытау облысы білім басқармасының "Жезқазған қаласының білім бөлімі" ММ-нің 02.10.2023 жылдың №202-Н бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Балаларды оқыту және тәрбиелеу мәселесі бойынша мектептің ата-аналармен қарым-қатынасын күшейту, отбасы мәдениетін дамыту мақсатында «Ата-аналарға педагогикалық қолдау көрсету орталығы» қызметі ұйымдастырылсын;
2. Педагогикалық қолдау көрсету орталығын ұйымдастыру туралы мектепшілік бұйрық шығарылып, көшірмесі білім бөліміне өткізілсін;
3. Педагогтерден тұратын шығармашылық жұмыс тобы құрылып, топтың басшысы Я.А.Бейм және жауапты тұлға ретінде директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары М.Б.Айткенова тағайындалсын;
4. Педагогтер мен сынып жетекшілерге ата-аналармен сабақ өтуге қажетті әдебиеттермен қамтамасыз ету кітапханашы Г.М.Оспановаға жүктелсін;
5. Орталықты құру, оның мақсаты мен міндеттері туралы ата-аналарды құлақтандыру мақсатында, ата-ана жұртшылығының белсенділерін қатыстыра отырып, жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысы өткізілсін;
6. Орталықтың қызметін көрсету бойынша жергілікті БАҚ беттерінде, әлеуметтік желілерде жұмысты жандандыру мақсатында тиісті жұмыстар ұйымдастырылсын;
7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары К.Б.Абеубековаға және М.Б.Айткеноваға жүктелсін.

№3 ЖББМ директоры

Мукашева

А.Т.Мукашева

тапшығаны

Айткенова М.Б. Айткенова К.Б. Айткенова Бейм